

Шалқар ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландырудың көздерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 11 ақпандағы № 24 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 ақпанда № 4754 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 87 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 17.05.2016 № 87 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы бойынша жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Шалқар ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі 451-002-100 "Қоғамдық жұмыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржыландыруды іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қарашолақоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

№	Мекемелер атауы	Жұмыс және қызмет түрлері	Орындалатын жұмыс және қызмет көлемінің табиғи көрсеткіштері	Берілген сұраныс (сұрау)	Бекітілді (ұсыныс)	Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көздері
				Жұмыс орнының саны	Жұмыс орнының саны		
1	"Шалқар қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Шалқар қаласындағы көшелерді жинастыру, қоқыс шығару, ағаштарды кесу	80 шақырым	100	90	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген төменгі еңбекақы	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады
2	"Инфраком-қызмет" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шалқар қаласындағы көшелерді жинастыру, қоқыс шығару, ағаштарды кесу	95 шақырым	80	80	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген төменгі еңбекақы	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады
3	"Шалқар ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу, карточкамен жұмыс	5000 дана	13	10	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген төменгі еңбекақы	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады
Барлығы:				193	180		

Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары. Жұмыс аптасының ұзақтығы, екі демалыс күндерімен бес күн құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс – бір сағат. Еңбегіне төленетін ақы жұмыс уақытын есепке алу табелінде көрсетілген нақты еңбек еткен уақытына, жұмыссыздардың жеке есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

